



А. М. СЕРИКБАЕВ,
КАЗГЮУ Университетінің қылмыстық,
қылмыстық атқару құқығы және криминология
кафедрасының меңгерушісі, з.ғ.к., доцент

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫ ҚОРҒАУДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Мақалада Қазақстан Республикасы заңнамасындағы кәмелетке толмағандарды қорғау мәселесі кешенді қарастырылған: авторлар құқықтың әр түрлі саласындағы кәмелетке толмағандардың құқықтық мәртебесін анықтаудың әр алуандығына, қоғамның дамуының әр кезеңінде кәмелетке толмағандарды қылмыстық-құқықтық қорғаудың біркелкі еместігіне, жаңа қылмыстық заңның осы саладағы бірқатар мәселелерді шешімсіз қалдырғанына назар аударады. Бұл топтағы қылмыстылықтың жалпы қылмыстылық массивінде алатын орнының мардымсыздығын оның латенттілігінің жоғары деңгейде болуымен түсіндіреді.

Түйінді сөздер: кәмелетке толмаған тұлға, отбасы, қылмыстық заң, қылмыстық құқық бұзушылық, қылмыс, қылмыстық теріс қылық, қылмыстылық, қылмыстық заңды жетілдіру, криминологиялық жай-күй, алдын алу.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАР ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Кәмелетке толмағандар отбасымен қатар құқықтық категория ретінде айрықша көзге түсетін институттардың бірі. Елдегі әралуан сала реформаларының тиімділігі, артықшылығы немесе теріс ықпалы ең алдымен осы әлеуметтік топтарға қатысты теңгерілетіні мәлім.

Кәмелетке толмағандардың, отбасының әлеуметтік-экономикалық, жеке сипаттағы және басқа да құқықтары мен бостандықтарының, заңды мүдделерінің қорғалу, қамтамасыз ету және жүзеге асыра алу деңгейі қоғамдағы жалпы адам құқықтары мен бостандықтарының жай-күйін айқындау индикаторы іспеттес.

Соңғы онжылдықтағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің оң болуының арқасында еліміздің демографиялық көрсеткіштерінің де айтарлықтай алға өрлеуі көзге түседі. Оны кәмелетке толмағандардың жалпы санының артуымен дәйектей аламыз. Атап айтсақ, 2012-жылдың 1-қаңтарындағы мәліметтер бойынша елімізде 4 934 542 кәмелетке толмаған тіркеуде болса (жалпы халық саны – 16 436 378 адам), 2013-ж. 1-қаңтарында – 5 029 936 (16 673 077), ал 2014-ж. 1-қаңтарында – 5 151 221 (17 160 774) кәмелетке толмаған адам тіркеуде болған. Көріп отырғанымыздай, кәмелетке толмағандардың жалпы халық ішінде алатын үлесі жылдан жылға айтарлықтай бір деңгейде – 30%.¹

© А. М. Серикбаев, Н. Н. Ниетуллаев, 2015

¹Статистикалық мәліметтер ҚР Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті дайындаған «Қазақстан Республикасындағы



Н. Н. НИЕТУЛЛАЕВ,
КАЗГЮУ Университетінің қылмыстық,
қылмыстық атқару құқығы және криминология
кафедрасының аға оқытушысы

Сонымен қатар, бала туу көрсеткіштерінің де абсолюттік шамалары қуантарлық – жыл сайынғы өсім 2013-жылы 376 574 болса, 2014-жылы – 383 507.

Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштерде назар аударарлық тағы да бір көрсеткіш – қалалық және ауылдық мекенде тұратын кәмелетке толмағандардың арақатынасы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәліметтерінше, олардың арақатынасы соңғы үш жыл бойында миграциялық үрдістердің арқасында елуге-елу арақатынасында болып отыр.

Көріп отырғанымыздай, кәмелетке толмағандар халықтың айтарлықтай қомақты бөлігін құрайды, оның әлеуметтік, экономикалық, саяси және басқа да жай-күйін анықтау нормативтік базаның да елеулі болатындығын айқындайды. Кәмелетке толмағандардың (онымен ілесе – отбасының да) құқықтық жағдайын айқындайтын нормативтік актілер саны да аз емес. Атап өтсек, бала құқықтарының әралуан қырлары неке (ерлі-зайыптылардың) және отбасы туралы кодексте, білім, бала құқықтары, мемлекеттік жастар саясаты туралы және т.б. заңдарда бекітілген. Яғни, отандық заңнамашы кәмелетке толмағандарды құқықтық қорғау мәселесін өз назарында ұдайы ұстайды дерлік.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН АДАМ ТҮСІНІГІ, МӘСЕЛЕЛІ ҚЫРЛАРЫ

Бүгінгі таңда мемлекет пен қоғам таралынан жасөспірімдерді, оның ішінде кәмелетке толмағандарды құқық аясында имандылыққа, құқықтық тәртіпке баулуға арналған, сонымен бірге, олардың қалыпты дамуы мен тәрбиеленуіне жағдай жасауға бағытталған бірқатар іс-шаралар қабылданды. Олардың қатарында бірқатар нормативтік құқықтық актілерді де атап өтуге болады. Мысалы, «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» 2015-жылдың 9-ақпанындағы Қазақстан Республикасының Заңында жастарды өнегелі жолда тәрбиелеудің және өсірудің әралуан тетіктері бекітілген. Аталған Заң бойынша ұсыныс ретінде айта кететін бір жағдай бар. Қылмыстық заң басқа заңдарға қарағанда қылмыс жәбірленушілерін, қылмыскерлердің өздерін жас белгісіне қарай кәмелетке толмағандар және кәмелеттік жастағылар деп қатаң ажыратады. Алайда, біздің ойлауымызша, заңнамашы қылмыстық заңдағы «кәмелетке толмағандар» тобының орнына «жастар» тобын қолданса, криминализациялауға түсетін істердің аясын анағұрлым арттырар еді, яғни қылмыстық заң қорғауына алынатын қоғамдық

балалардың жағдайы туралы баяндамадан» алынған // <http://edu.gov.kz/kk/analytics/kazakhstan-respublikasyndagy-balalardyn-zhagdayy-turaly-bayandama> (20.01.2016ж.).

қатынастар аясы едәуір артар еді. Өйткені көп жағдайда 17 жастағы кәмелетке толмаған бала мен 19 не 21 жастағы жас адам арасында физиологиялық та, психологиялық та айтарлықтай айырмашылықтарды табу қиынға соғады. Психологтардың тұжырымдауынша 21 жасқа дейін кез келген адам өзінен ересек болатын адамның ықпалына оңай-ақ түсе алады. Егер заңнамашы кәмелетке толмағандар деп танылатын адамдар санатын 21 жасқа толмағандар деп кеңейтетін болса, онда жаза атқарудағы 18-21 жас аралығындағы адамдардың бас бостандығынан айыру жазасына қатысты тәрбиелеу колонияларында жазасының өтелмеген бөлігін өтеуге қалдыруы туралы ережелерге сәйкестендіруге де болар еді.

Отандық құқықтық жүйеде «кәмелетке толмаған адам» ұғымының қолданылуының біркелкі еместігі көзге түседі. Әр құқық саласы өзі қарастыратын мәселеге қатысты осы санаттағы адамды аңғартатын терминологиясымен де, сол сияқты оған жатқызылатын адамдардың жасын анықтауымен де ерекшеленеді. Атап айтсақ, бала құқықтары туралы Заңда, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексте кәмелетке толмағандар орнына «бала» сөзін қолданып, оны «18 жасқа (кәмелетке) толмаған адам» деп анықтаса,² қылмыстық заңнамада бұл топтағы адамдар екі бағытта қарастырылған: 1) 0-ден 18-ге дейінгі жастағы барлық кәмелетке толмағандар (қылмыстық құқық бұзушылық жәбірленушісі ретінде) және 2) 14-ке толған, бірақ 18-ге толмағандар (Қылмыстық кодекстің 6-бөлімінің нормаларында кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы мәселесінде).³

Сонымен қатар, қарастырып отырған адамдар санатына қатысты қылмыстық заңнамада басқа да сөз тіркестерінің қолданыста екендігін байқауға болады. Мысалы, «жаңа туған бала» (ҚК 100-бабы), «жас бала» (ҚК 124-бабы). 1997-жылғы Қылмыстық кодексте «жаңа туған бала» орнына «жаңа туған сәби» сөз тіркесі қолданыста болған. Сол сияқты, «кәмелетке толмаған адам» ұғымы тұтастай мағынада қолданылуға тиіс болатын ҚР ҚК Ерекше бөлімінің 2-тарауындағы нормалардың өзінде де бұл түсінік әртүрлі мазмұнда екендігін байқауға болады. Мысалы, ҚК 132-бабындағы «кәмелетке толмаған адам» міндетті түрде ересек адаммен бірлесе жасауға бел байлаған қылмыстық құқық бұзушылық жасындағы адам болуға тиіс, өйткені кері жағдайда оны қылмыстық іске тартқан ересек адамға осы бап бойынша айып тағуға негіз де болмайды (ҚК 28-бабының 2-бөлігіне бола), ал 133-бабында оның мазмұны анағұрлым кең (0-ден 18-ге дейінгі жастағылар).

Бұл орайда, ең алдымен, бірдей сөз тіркестерінің әралуан жастағы адамдарды меңзеу мағынасында қолданылатыны, яғни заң нормасындағы белгілердің біркелкілік талаптарына жауап бермейтіндігі назар аудартады. Ойлауымызша, бұл мәселенің шешілуіне қазақ тіліндегі адам жасының ерекшелігіне қатысты ұғымдар көмектесе алушы еді.

Өкінішке орай, заңнамашы бұл мәселеде тіліміздің қаншалықты бай екендігін ойдағандай көрсете алмағанын пайымдауға тура келеді. Мысалы, ҚК 100-бабындағы «жаңа туған бала» орнына «шақалақ» не «нәресте» сөздерін қолдануға әбден лайық, ал ҚК 124-бабындағы «жас бала» орнына «жеткіншек» не «жасөспірім» сөздерін қолдануға болады.

МӘСЕЛЕНІҢ ТАРИХИ ҚЫРЛАРЫ

Кәмелетке толмағандарға және отбасына қарсы қылмыстық құқық

²«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002-жылдың 8-тамызындағы Заңы // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345> (20.01.2016ж.).

³Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. 2014-ж. 3-шілдесінде қабылданған, 2015-ж. 1-қаңтарынан заңды күшіне енген // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (20.01.2016ж.).


бұзушылықтар үшін жауаптылық орнатқан қылмыстық құқықтық заңнаманың қалыптасу барысы әралуан әлеуметтік-экономикалық, саяси, идеологиялық және басқа да факторлардың ықпалында болғаны мәлім. Бұл топтағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың бір тарауға жіктелу үрдісі 1997-жылғы ҚР Қылмыстық кодексінде біржолата аяқталғанын атап өтуге болады. Оның алдындағы кодификацияланған заңнамаларда бұл қылмыстық құқық бұзушылықтар не әралуан тарауларда орын тапқан, не болмаса тіпті криминализацияланбаған болатын. Бұл орайда Қазақ КСР-інің 1959-жылғы Қылмыстық кодексінде қарастырылып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтар тобының неғұрлым көп криминализациялауға ұшырағанын атап өту керек. Олардың қатарында мыналарды атауға болады: 1) баланы асыраудан немесе тәрбиелеуден жалтару (112-бабы), 2) қорғаншы құқықтарын теріс пайдалану (ҚК 113-бабы), 3) бөтеннің баласын ауыстыру (ҚК 116-1-бабы, 1987-жылы криминализацияланған), 4) азаматтық хал жағдай актірендегі жазбаларға қатысты заңдарды бұзу (ҚК 184-бабы), 5) асырап алу құпиясын жария ету (ҚК 184-1-бабы), 6) кәмелетке толмаған адамды мас күйге дейін жеткізу немесе оны маскүнемдікке тарту (ҚК 200-3-бабы), 7) кәмелетке толмаған адамды дәрі-дәрмектерді немесе басқа да есеңгірететін заттарды медициналық емес мақсатта тұтынуға тарту (ҚК 200-4-бабы), 8) кәмелетке толмаған адамды қылмыс жасауға тарту (ҚК 201-бабы).

1922, 1926 және 1959-жылдардағы Қылмыстық кодекстер, сонымен қатар, оларды қолдану барысында туындаған көптеген мәселелер 1997-жылғы егеменді Қазақстан Республикасының тұңғыш Қылмыстық кодексі дайындалғанда ескерілген болатын. 1997-жылғы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі осы мәселеге қатысты өте көп жаңашылдықтар әкелгені белгілі. Олардың қатарында кәмелетке толмағандардың отбасымен бірге заңның Ерекше бөлімінде жеке тектік объект мәртебесіне иеленіп, жеке тарауға топтастырылғанын атауға болады. Кәмелетке толмағандар мен отбасына қарсы нұқсан келтіретін қоғамдық қауіпті әрекеттер үшін жауаптылық көздеген нормаларды осылайша топтастыру отандық заңнамалық практикада бұрын-соңды болмағанын ескеру керек.

1990-жылдарға қарай заман ағымының өзгеруі, әрине, қылмыстық құқықтық салаға да өзінің ықпалын тигізбей қоймады. Кеңестік дәуір заңнамасында қылмыс танылған бірсыпыра әрекеттер қоғамдық қауіптілік қасиетінен арылып, олардың кейбірі ендігіден былай қоғам мүддесіне қызмет ететін қоғамдық пайдалық қызмет түрлеріне айналды. Сонымен қатар, басқа топ қылмыстары қоғамдық пайдалы деп танылмаса да, бейтараптандырылған болатын.

1997-жылғы Қылмыстық кодекстің бастапқы редакциясында Ерекше бөлімнің 2-тарауында кәмелетке толмағандарға және отбасына қарсы деп танылған 11 қылмыс құрамы болған. Олардың кейбірі уақыттың өтуімен өз атауларын өзгерткен болса, кей құрамдар соңғы жылдары ғана криминализациялауға ұшыраған. Мысалы, кәмелетке толмағандарға қатысты Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұзу (ҚК 138-1-бабы). Ол 2013-жылы ғана пайда болған, дегенмен, 2014-жылдың 3-шілдесіндегі жаңа Қылмыстық кодексте бұл құрам осы тараудан алынып тасталғанын атап өту керек.

Дегенмен, 1997-жылғы кодекстің кәмелетке толмағандарға қатысты позициясының кеңестік дәуір заңнамасына қарағанда біршама өзгеше болғанын атап өту керек. Мысалы, кеңестік заңнамамен салыстырғанда қылмыс жәбірленушісінің кәмелетке толмағандығы 1997-жылғы Қылмыстық кодексте барлық дерлік тарауларда ауырлататын (сараланған немесе ерекше сараланған) мән-жай ретінде танылған болатын. 1997-жылғы кодекстің күшінің жүруінің соңғы бес жылдығында ғана қылмыстық құқықтық саясатты кәмелетке толмағандарға қатысты жасалатын әрекеттерді жеке нормаларға



рәсімдеуге бағыт алған. Атап айтсақ, оның көріністерін 2010-жылы Қылмыстық кодекске 132-1 деген баптың пайда болуында көре аламыз. Мұнда кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту адамгершілікке және халық денсаулығына қарсы қылмыстар қатарынан бөлініп алынған. Заңнамашының дәл осы тенденциясы 2014-жылғы жаңа Кодексте те байқалатынын атап өту керек. Мысалы, жоғарыда аталған жезөкшелікке тартумен қатар, кәмелетке толмаған адамды эротикалық мазмұндағы өнімдерді жасауға да тарту жеке бапқа рәсімделген (2014-жылғы Қылмыстық кодекстің 144-бабы).

ЖАҢА ҚЫЛМЫСТЫҚ ЗАҢНАМА НОВЕЛЛАЛАРЫ

2014-жылғы Қылмыстық кодекс қарастырып отырған қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық орнататын нормаларға біршама өзгерістер енгізгені мәлім. Ең алдымен, жаңа заңнамада бұл топ «қылмыстар» емес, «қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп анықталған, яғни олардың қатарындағы бұрын қылмыс дәрежесінде болған кейбір қоғамға қауіпті әрекеттер ендігінен былай қылмыстық теріс қылық санатына ауыстырылғанын аңғарамыз. Осы орайда ҚК Ерекше бөлімінің екінші тарауындағы қылмыстық теріс қылықтардың түрлерін білу маңызды. Атап айтсақ, осы тараудағы төрт қылмыстық құқық бұзушылық қылмыстық теріс қылық санатында айқындалған: бала асырап алу жөніндегі заңсыз әрекеттер (ҚК 137-бабының 1-бөлігі), бала асырап алу құпиясын заңсыз жариялау (ҚК 138-бабы), кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау (ҚК 140-бабы), кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімдерді жасауға тарту (ҚК 144-бабы). Сонымен бірге, бұл топтағы қылмыстық құқық бұзушылықтарда ауыр және аса ауыр қылмыс санатында анықталған құрамдардың көптігі назар аудартады.

Кәмелетке толмағандар мен отбасына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық орнататын нормалардың жүйелендірілуіне заңнамашы біршама өзгерістер енгізген. Жалпы күйінде бұл топтағы нормалар өзінің аутентикалылығын сақтап қалғанымен, оған жаңа қылмыстық құқықтық нормалардың енгізіліп, бұрынғыларының қатарынан кейбірінің басқа топтағы қылмыстық құқық бұзушылықтарға ауыстырылғанын, сондай-ақ объективтік белгілері бойынша ұқсас нормалардың бір құрамға біріктірілгенін байқауға болады. Атап айтсақ, заң нормаларының үнемділігі қағидатын басшылыққа ала отырып, заңнамашы бұрынғы ҚК 136 және 140-баптарда орын алған екі құрамды жаңа ҚК 139-бабына біріктірген (бұл тұрғыда атап өту керек болатын маңызды жағдай – қылмыстық құқық бұзушылықтардың қылмыстық теріс қылық және қылмыс санаттарына ажырату қоғамға қауіпті әрекеттер істеген кінәлілерге жаза тағайындаудағы соттың еркіндігін айтарлықтай шектейді, оны осы аталған үш баптың санкциясынан-ақ көруге болады: бұрынғы заңда қоғамдық жұмыстардан бастап бас бостандығынан айыруға дейін болса, жаңа заңда –

бас бостандығын не шектеу не одан айыру).

ҚК 137-бабын (бала асырап алу жөніндегі заңсыз әрекет), 143-бабын (кәмелетке толмаған адамды Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерге заңсыз әкету) және 144-бабын (кәмелетке толмағандарды эротикалық мазмұндағы өнімдерді жасауға тарту) жаңа криминализацияланған құрамдарға жатқызамыз. Дегенмен, бұл қоғамға қауіпті әрекеттердің жеке бапта криминализациялануы аздап дау тугызары анық. Біріншіден, бала асырап алу жөніндегі заңсыз әрекетті бала асырап алу құпиясын жария ету құрамымен біріктіріп, бір бапта неге топтастырмасқа; екіншіден, ҚК 143-баптағы қылмыс құрамының ҚК 135-бабының 3-бөлігіндегі құрамнан айырмашылығы «кәмелетке толмаған адамды ...әкетудің» заңсыздығында болса, онда бұл құрамды да заң шығармашылық техникасындағы «үнемділік» қағидасының негізінде ҚК 135-бабына ұйқастыруға болушы еді; үшіншіден, эротикалық мазмұндағы өнімдер жасауға кәмелетке толмағандарды тарту құрамын да ҚК 133-бабына (өйткені эротикалық мазмұндағы өнімдер өздігінен-ақ қоғамға жат әрекеттер қатарында қарастырылуға әбден лайық) не болмаса 134-бабына (өйткені «эротика» жезөкшелікпен ұласатын құбылыс) енгізілуіне лайық.

Жалпы, кәмелетке толмағандар мен отбасын қылмыстық құқықтық қорғау мәселесінде заңнамашының қылмыстық қол сұғушылық объектісін, ондағы қылмыс жәбірленушісінің ролін анықтау мәселесінде өз позициясын айқындай алмауы байқалады. Мұнда заңнамашының әлдебір дуалистік позицияда тұрғанын пайымдауға болатын секілді.

Кәмелетке толмағандар мен отбасының жеке қылмыстық құқықтық объект ретінде қылмыстық заңнамада даралану тенденциясы ТМД қатысушы мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясының қаулысымен 1996-жылы 17-ақпанында қабылданған ТМД Қылмыстық кодексінің үлгісінің негізінде басталғаны мәлім.⁴ Дегенмен, кәмелетке толмағандардың және отбасының құқықтары мен заңды мүдделерін қылмыстық құқықтық қорғауға арналған нормалардың жеке тарауға топтастырылуы мемлекеттің халықаралық құқықтық тұрғыда мәртебесі үшін маңызды болғанымен, тәжірибелік тұрғыда маңызды емес, әлемдік қылмыстық құқықтық тәжірибеде бұл мәселенің әртүрлі шешімін тапқанын пайымдауға тура келеді.

Атап айтсақ, Ұлыбритания, АҚШ сияқты жалпы құқыққа негізделген елдердің қылмыстық заңнамасы жоғарыда қарастырған кәмелетке толмағандар мен отбасына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың басым көпшілігін мүлдем қылмыс қатарында қарастырмай, оларды не азаматтық құқықтық деликттер, не болмаса біздің жіктемеміздегі «әкімшілік» деңгейдегі құқық бұзушылықтар қатарында қарастырады. Сонымен

⁴Модельный Уголовный кодекс для государств-участников Содружества Независимых Государств. Принят постановлением Межпарламентской Ассамблеи государств-участников СНГ 17 февраля 1996 года. // <https://www.icrc.org/rus/assets/files/other/crim.pdf> (20.01.2016ж.).

бірге, мұндағы заңнамада кәмелетке толмағандардың жалпы «жеке тұлға, адам» сияқты ұғымдардан бөле-жара қарастырылмайтыны маңызды (Қазақстан қылмыстық заңнамасының Ерекше бөлімінің құрылымдық ерекшелігі «жеке адам» және «кәмелетке толмаған адам» ұғымдарын қылмыстық құқықтық объект мәселесінде бөлек қарастыратынын ескеретін болсақ).⁵ Осыған байланысты жалпы заңнамада кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық қол сұғушылықтың жасалуы іс-әрекетте ауырлататын мән-жай болса, тура мағынадағы кәмелетке толмағандар мен отбасына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар жеке адамға қарсы қылмыстар аясында қарастырылған.⁶

Француз қылмыстық заңында кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар американдық және ағылшын заңнамаларындағы секілді жеке ажыратылмағанымен, қазақстандық заңнамаға кейбір құрамдарының қылмыстық теріс қылық нысанында анықталғанымен ұқсас келеді.⁷

Бұл мәселеге қатысты қорыта айтарымыз – Қазақстан Республикасының жаңа қылмыстық заңнамасының құрастырушыларының кәмелетке толмағандар мен отбасына қарсы қылмыстық құқықтық жауаптылық орнатушы нормаларға «ревизияны» ойдағыдай жүргізбегендігі салдарынан бұл топтағы кейбір қылмыстық қол сұғушылықтар объектісі жағынан дұрыс анықталмаған (ҚК 134-135, 143-баптарында), сол сияқты кейбір нормалар «жасанды түрде» құрастырылған (ҚК 144-бабында). Бұл қылмыстық құқықтық нормалардың құрастырылуының негізінде ең бастысы криминологиялық жағдайдың өршіге түсуін айқындайтын эмпирикалық ізденістер болуға тиіс.⁸

МӘСЕЛЕНІҢ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІ

Кәмелетке толмағандар мен отбасы, жоғарыда атап өткеніміздей, қоғамдағы құқықтық қорғау жағынан неғұрлым «осал» әлеуметтік топтардың қатарында. Бұл тұрғыда кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың криминологиялық жай-күйімен танысу қарастырып отырған мәселенің толық бет-бейнесін бере алады.

Статистикалық мәліметтерге қарасақ, бұл топтағы қылмыстылық жалпы қылмыстылық массивінде «мардымсыз» орын алатынын байқаймыз. Дегенмен, оған қарамастан, оның да өзіндік заңдылықтары мен ерекшеліктері бар.⁹

Көріп отырғанымыздай, бұл топтағы қылмыстық құқық бұзушылықтар

1-КЕСТЕ. ОТБАСЫНА ЖӘНЕ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ 2012-2015-ЖЖ. ДИНАМИКАСЫ

Көрсеткіштер	2012	2013	2014	2015
Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар (ҚК 2-тарауы)	221	259	261	1058
Абсолюттік өсім, тізбекті	–	38	2	797
Осу қарқыны, тізбекті	–	1,171	1,007	4,054

⁵Қараңыз: Уголовное право зарубежных стран. Общая и Особенная части. Учебник для магистров / Под ред. Н.Е. Крыловой. М.: Юрайт, 2015. Б. 607.

⁶Сол жерде. Б. 676.

⁷Сол жерде. Б. 808.

⁸Бұл мәселеге қатысты толығырақ: Анденес И. Наказание и предупреждение преступлений. Под редакцией и вступительной статьей Б.С. Никифорова. М.: Прогресс, 1979. – 264 с.

⁹Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы статистикалық мәліметтер Қазақстан

есептік кезең барысында өсіп отырған. 2013-жылы ол 38 бірлікке немесе 17,1%-ға өскен болса, 2014-жылы 2 бірлікке немесе 0,7%-ға, ал 2015-жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда 797 бірлікке немесе 4 есе өскен.

1-сурет. Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық

1-СУРЕТТЕ ОТБАСЫ МЕН КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ 2012-2015-ЖЖ. БОЙЫНША ӨЗГЕРҮІН КӨРУГЕ БОЛАДЫ



құқық бұзушылықтардың 2012-2015-жж. динамикасы

Көріп отырғанымыздай, 2015-жылы бұл топтағы қылмыстық құқық бұзушылықтардың тіркелу қарқындылығы айтарлықтай өскен. Оны жаңа қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамаларының негізінде құқық бұзушылық айғақтарының тіркелу үрдісінің «жеңілдеуімен» түсіндіруге болатын секілді.

Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жеке түрлері бойынша статистикалық мағлұматтар да қылмыстылық түрінің динамикасы мен жай-күйі туралы бірқатар ақпарат бере алады.

Кестедегі мағлұматтар негізінде бұл топтағы қылмыстық құқық бұзушылық құрамында «Балаларын немесе еңбекке жарамсыз ата-аналарын күтіп-бағуға қаражат төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау» елеулі орын алатынын әрі оның жыл сайын едәуір қарқынмен өсіп келетінін байқаймыз. Қылмыстық құқық бұзушылықтың бұл түрінің 2012-жылдағы үлес салмағы 40,27% болса, 2015-жылы ол 57,18%-ды құраған.

Қылмыстық құқық теориясындағы отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың діңгегін құрайтын «кәмелетке толмағандарды қылмыстық іске тарту» қылмысының үлесінде кері үрдіс байқалады: 2012-жылы - 26,24%, 2013 - 19,31%, 2014 - 11,49%, ал 2015-жылы - 3,5%. Яғни бұл қылмыстың салыстырмалы көрсеткішімен қатар абсолюттік көрсеткіштерінің де кемігенін пайымдауға болады (2015-жылы 2012-жылмен салыстырғанда 21 бірлікке кем тіркелген, басқаша айтқанда, 7,5 есе азайған).

Сол сияқты, қарастырып отырған топтағы қылмыстар арасында кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу бойынша міндеттерін орындамаудың 2015-жылы күрт өсуі толғандырады (2012-

Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ресми сайтынан алынған // <http://service.pravstat.kz/portal/page/portal/POPageGroup/Services/Pravstat> (20.01.2016ж.).


2-КЕСТЕ. 2012-2015-ЖЖ. БОЙЫНША ОТБАСЫНА ЖӘНЕ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

Керсеткіштер	2012	2013	2014	2015
Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тарту	58	50	30	37
Кәмелетке толмаған адамды қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тарту	4	3	1	4
Кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту	14	23	15	20
Кәмелетке толмағандарды саудаға салу	11	26	23	53
Баланы ауыстыру			1	
Бала асырап алу құпиясын жария ету	2	1	2	1
Балаларын немесе еңбекке жарамсыз ата-аналарын күтіп-бағуға қаражат төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау	89	83	95	605
Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау	32	45	55	263
Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау	8	28	24	69
Қамқоршы немесе қорғаншы құқықтарын теріс пайдалану	54		15	
Еңбекке жарамсыз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағудан жалтару	55			

жылмен салыстырғанда 8 есе дерлік өскен немесе 2012-жылдағы 14,48%-дан 2015-жылдағы 24,86%-ға дейін). Бұл қылмыс түрінің кәмелетке толмағандарды саудаға салумен қатар (2015-жылы 2012-жылмен салыстырғанда 4 еседен артық өскен) өсу қарқындылығы қоғамдағы кәмелетке толмағандардың (ең алдымен, 10-12 жасқа дейінгі балалардың) маңызды құқықтары мен заңды мүдделерінің, бостандығының қамсыздандырылуына қатысты жағдайдың елеулі мәселеге айналғанын көрсетеді.

Кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстылықтың, жалпы, криминогендік факторлардың жай-күйі туралы толығырақ ақпарат алу үшін еліміздегі кәмелетке толмағандардың арасындағы қаңғыбастық,

2-СУРЕТ. 2012-2015-ЖЖ. БОЙЫНША ОТБАСЫНА ЖӘНЕ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДАҒЫ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ДИНАМИКАСЫ



- Балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамау
- Кәмелетке толмағандарды саудаға салу
- Кәмелетке толмаған баланы тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамау
- Кәмелетке толмаған адамды жезөкшелікпен айналысуға тарту
- Балаларын немесе еңбекке жарамсыз ата-аналарын күтіп-бағуға қаражат төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау
- Кәмелетке толмаған адамды қылмыстық іске тарту

уытқұмарлық, алкоголизм, наркомания және басқа да келеңсіз жағдайлар туралы мәліметтер қажет болады. Бұл жайында арнайы ізденістерде де аталып өткен.¹⁰

¹⁰Нугманова Э.А. Совершенствование законодательства Республики Казахстан по правам ребенка в соответствии с международными стандартами // Право и государство. 2014. № 3(64). С. 34.

Кәмелетке толмағандар мен отбасына қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтың жалпы қылмыстылық массивінде алатын үлесінің мардымсыздығына қарамастан, осы топтағы қылмыстылықтың латенттілігінің аса жоғары екендігін пайымдауға тура келеді. Оның шынайы бет-бейнесі жайында шындыққа аз да болса жақын келетін ақпарат алуда бірқатар іс-шаралардың жүргізілуі қажет, әрі олардың қатарында виктимологиялық профилактика шаралары басты бағытқа айналуға тиіс,¹¹ өйткені елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайы осал отбасыларының санын, жұмыссыздық, қаңғыбастық, жезөкшелік көрсеткіштерін ескеретін болсақ, осы құбылыстар аясында жүрген кәмелетке толмағандардың да саны елеулі болмақ.¹² Сол сияқты кәмелетке толмағандардың жеке қылмыстық құқықтық қорғау объектісіне айналғаны (1997-жылдан бастап) олардың құқықтары мен бостандықтарының, заңды мүдделерінің қорғалуының айтарлықтай жоғарылағаны байқалмайтынын да пайымдауға тура келеді.

А. М. Серикбаев, Н. Н. Ниетуллаев: Уголовно-правовые и криминологические проблемы охраны несовершеннолетних.
В статье комплексно рассматриваются вопросы защиты несо-

¹¹Қараңыз: Туктарова И.Н. Уголовно-правовая охрана несовершеннолетних. Автореферат на соиск. уч.ст. к.ю.н. Саратов, 2000. С. 11-12.

¹²Пудовочкин Ю.В. Уголовно-правовые и криминологические проблемы предупреждения преступлений против несовершеннолетних. Автореферат на соиск. уч.ст. д.ю.н. М., 2005. С. 4-5.

вершеннолетних в законодательстве Республики Казахстан: авторы обращают внимание на разность в определении правового статуса несовершеннолетнего в различных отраслях права, неоднозначность уголовно-правовой защиты несовершеннолетних в разные периоды развития общества; новое уголовное законодательство также оставило нерешенными ряд проблем в этой области. Незначительная доля данной группы преступлений в общем массиве преступности объясняется ее высокой латентностью.

Ключевые слова: несовершеннолетнее лицо, семья, уголовный закон, уголовное правонарушение, преступление, уголовный проступок, преступность, совершенствование уголовного закона, криминологическое состояние, предупреждение.

A. Serikbaev, N. Niyetullayev. Criminal law and criminological problems of protection of minors.

The article considers the protection of minors in the legislation of the Republic of Kazakhstan: the authors pay attention to the difference in the definition of the legal status of a minor in the various branches of law, the ambiguity of the criminal law protection of minors in the different periods of development of society, the new criminal legislation also left unresolved a number of problems in this area. Also a small proportion of this group of crimes in the general crime due to its high latency.

Keywords: minor, family, criminal law, criminal offense, crime, criminal offense, crime, the improvement of the criminal law, criminological state, prevention.

НОВЫЕ КНИГИ



«Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарының ахуалы туралы» баяндама / Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия. Жалпы редакциясын басқарғандар Қуаныш Сұлтанов, Тастемір Әбішев. Астана, 2015. – 124 б.

Ұсынылып отырған Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның «Қазақстан Республикасындағы адам құқықтарының ахуалы туралы» баяндамасы (бұдан әрі – баяндама) 2014 жылғы 1 қантардан 2015 жылғы 30 сәуірге дейінгі Қазақстандағы адам құқықтарының ахуалын талдауға арналған.

Баяндама Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2015 жылғы 12 маусымдағы № 32-52.158 қарарымен мақұлданды.

Баяндамада Қазақстандағы адам құқықтарының ахуалына жалпы баға беріліп, адам құқықтарын қорғаудың түйінді проблемалары мен оны шешу жолдары айқындалған.

Баяндама Адам құқықтары жөніндегі комиссияның өзінің құқық қорғау қызметі мен оның өткен кезеңдегі арнайы зерттеулерінің нәтижелеріне негізделген. Онда Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының, халықаралық ұйымдардың деректері кеңінен тартылған.

Баяндама азаматтардың азаматтық, саяси, әлеуметтік, еңбек, экономикалық, тұрғын үй және мәдени құқықтарын қорғау тетіктерін Қазақстан Республикасының Президенті ұсынған бес институционалдық реформа мен «100 нақты қадамдағы» оларды іске асыру тетіктерін ескере отырып жетілдіру жөніндегі нақты ұсынымдарды қамтиды.

Баяндамада сондай-ақ Комиссияның құқықтық саясатты, ұлттық заңнама мен құқық қолдану практикасын Қазақстан ратификациялаған адам құқықтары саласындағы халықаралық пактілер мен конвенциялардың, нормаларына сәйкес жетілдіру жөніндегі ұсынымдары келтірілген.